

ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ПІШІНДЕРІ ЖӘНЕ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

*Пішін-тақырып пен идеяның
шарттасуы арқылы фактілерді
іріктеп кәсіби тілмен жеткізу нәтижесінде
журналист позициясының айқындалуы.*

Автор

Көгілдір экран -- өзінің шектен тыс әсерлілігімен, уақыт пен кеңістікті қамтудағы шексіздігімен, бейнелі деректегі бұлтартпас айғағының дәйектілігімен, тарихи тұлғалар келбеті мен шынайы шежірелер сипатын қаз-қалпында сақтай алатындығымен, әсемдікті айшықтап, анық көрсететін эстетикалық қуатының күштілігімен адамзат өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналып кеткен құбылыс.

«Сіздерді «төртінші билік» деп кездейсоқ атамайды. Қазір БАҚ адамдар үшін «қиындықты қалай еңсеруге болады, қиындыққа қалай төтеп береміз?» деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуге тиіс. Азаматарды басқа адамдардың оң тәжірибесі арқылы баулу-парыз. Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік тәрізді көңіл күйді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек»


Н.Ә. Назарбаев

Нағыз журналистің кәсіби парызы – ақиқатты айта білу. Сыншы Асқар Сүлейменовтің сөзімен айтқанда: «Адамның суреткерлігіне де, суреткердің азаматтығына да сын туар сәт – осы. Суреткер өзінің өмір ұзуында, өмір тануында, өмір өзгертуге жең сыбанып, бел байлап атсалысуында нені көрдім (бұл-1), нені неге көрдім (бұл-2) деген сауалдарға ат тұмсығын тірер болса, Махамбет пен Абай салған сара жолдан айнымауымыз керек. Суреткер жауапкершілігіндегі ендігі бір ұрымтал сәт – нені көргенін, нені неге көргенін қалай айтыпты (бұл-3)».



МАҚСАТ-ӘРЕКЕТ-ЖЕТІСТІК

Фактілерді іріктеу қисындары



Қазіргі заманғы ақпарат жан-жақтылығымен, сан қырлылығымен, мейлінше маңыздылығымен, айтарлықтай ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ғылыми – зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі заманғы ақпаратта мынадай 7 сипат болуы тиіс:

*Сенсациялық
(яғни, таңқалдыратын,
сирек кездесетін факт);*

*Елең еткізерлік (заманауи
өмір салтының шеңберінен
шығып, өз кезегінде елден
ерекше жасалған іс-әрекет)*


*Түпнұсқалық (елеулі оқиға,
қайталанбас құбылыс,
жауыр болмаған жайт)*

*Тартымдылық (қалыпты
жағдайға өзгеше көзқарас –
журналист
тапқырлығынан
туындайтын тосын дүние)*

*Қажеттілік (күнделікті
өмірге керекті пайдалы
мағлұмат)*

*Әйгілілік (дүниені дүр
сілкіндірген оқиға немесе
атағы жер жарған адам
туралы жаңалық)*

*Маңыздылық (қоғам үшін
мәні бар өзекті мәселе)*



Айқайлап тұрған ақпараттың жетегінде кетіп, кәсіби этика заңдылықтарын сақтамау, жұртты қайран қалдыру үшін әдепті ұмытып, әбестікке жол беру – ағаттық. Қандай сипаттағы жаңалық болмасын, ең басты критерий-мазмұн мен сапа, дерек пен дәйек, ақиқаты айғақталған ақпарат.

Профессор М.К.Барманқұловтың факті мен ақпараттың арақатынасындағы 6 байламына жүгінсек:

1.Егер қандай да бір факті туралы ақпарат берілмеген болса, онда қозғам үшін ол факті болған жоқ деген сөз

2.Ақпарат болған істің мәнін өз деңгейінен төмен мағынада жеткізуі ықтимал

3.Ақпарат болмыспен паранар, яғни, өмір шындығына сәйкес келеді

4.Ақпарат болмысты пікір алуандығы тұрғысынан, әрқилы көзқарас бойынша баяндайды

5.Ақпарат болмысты өз деңгейінен жоғары бағалайды, яғни, жаманын жасырып, жақсысын асырып жібереді

6.Ақпарат берушілер фактілер мен оқиғаларды өздері ұйымдастырады

ПШШН (әдіс-тәсіл)

***КӘСІБИ
ШЕБЕРЛІК***

ЖАНР (теория)

СТИЛЬ (қолтаңба)

Жанр

- Шынайы болмысты бейнелеудің тарихи тұрғыда айқындалған өзіне тән тұрақты белгілерін жинақтаған үлгісі, яғни, ғылыми-теориялық тұрғыда қалыптасқан ереже


Пішін

- Форма – сол ережеге сүйеніп, жүйеленген ақпаратты заманауи технологиялық желіс пен журналистік әдіс-тәсілді ұтымды пайдалану нәтижесінде аудиторияның назарына мейлінше айшықты, әрі ұғынықты етіп жеткізу жолы.

Стиль

- Журналистің ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы.

«Форма-хабардың немесе бағдарламаның пішіні, басқаша айтқанда, композициясы латын тілінен аударғанда шығару, құрастыру, байланыстыру, біріктіру деген мағынаны беретін сөз».



ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА ПІШІНДЕРІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Телесюжет

Телеролик

Телекөпір

**Телемарафо
н**


Телеойын

Телефильм


Телешоу

Телебағдарлама

Телехабар

A satellite with solar panels is shown in space, orbiting the Earth. The Earth is visible in the background, showing blue oceans and green landmasses. The satellite is in the foreground, with its solar panels extended.

*Қазіргі таңда кәсіби шеберліктің
ең биік шыңы - дәл осы
минуттарда әлемде болып жатқан
маңызды оқиғаларды алғашқы
болып хабарлау өнері.*

A pair of black-rimmed glasses is placed on an open book. In the background, a white cup of coffee is visible. The scene is set on a light-colored surface, possibly a desk.

Журналистің білім деңгейі мен белсенділік қабілеті қаншалықты жоғары болса, оның сапалы ақпарат, яғни, сапалы журналистік туынды әзірлеуге мүмкіндігі соншалықты мол болады.

БЕЙНЕЛІ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘСІЛДЕРІ

ИНФОГРАФИКА

«Сөзді суретпен алмастыратын кез келді»

ИНФОГРАФИКА- визуальды тіл пішіні, журналистикадағы жаңа бағыт

БЛОГ

БЛОГ- веб – форма, сайттар туралы есептердің қысқаша нұсқасы

БЛОГ түрлері: 1. Жеке блог; 2. Топтар блогы;

БЛОГ тақырыптары: 1. Саяси; 2. Пиар және жарнама; 3. Кәсіби; 4. Жалпытанымдық; 5. Фотоблог; 6. Әзіл-қалжың; 7. Жеке күнделік.

ФРИЛАНС

«Азат журналист – өз материалын жариялайтын БАҚ-ты өзі таңдайтын, штаттағы қызметте емес, тапсырыспен келісім – шарт бойынша жұмыс істейтін журналист»

ФРИЛАНС – ЖУРНАЛИСТИКА – телеарналар сатып алатын тележобалар

Фриланс түрлері: 1. Баспасөздегі фриланс; 2. Электронды БАҚ –тағы фриланс; 3. Шетелдік БАҚ-тағы фриланс (СТРИНГЕР – өз елінде жүріп шетелдік БАҚ-қа қызмет ететін репортер)



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ 1872-1937ж.

Көсемсөз – әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылған сөз, ... Қоғамшылық істерін түзету, жаңалау, өзгерту, керек болғанда, халықты соған көсемсөз арқылы ұйытып, көбінің миына қондырып, көңіліне сіңіреді.

... Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді. теріс басшылық болса әлеуметті адастырады. Сондықтан, көсемсөз жазып, әлеуметке басшылық жасайтын адам көпті көрген көсем, білімді адам болуы керек.

Ахмет Байтұрсынов



(1846-1906)

*Адасар көзсіз адам жүрген жолдан,
Жетеле адасқанды алып қолдан,
Халқыңды тура жолға бастамасаң
Не пайда біліміңнен кеуде толған?*

Мұрат Мөңкеұлы

A black and white photograph showing a close-up of a pen resting on a spiral-bound notebook. The notebook has a grid pattern on its pages. The pen is positioned diagonally across the frame, pointing towards the bottom left. The spiral binding is visible on the right side of the notebook. The overall scene is slightly blurred, emphasizing the texture of the paper and the metal of the pen.

*Фактіні журналист қалай ұсынса,
халық солай қабылдайды*

Автор



ӘБДІЖӘДІЛҚЫЗЫ ЖИДЕГҮЛІ

*Филология ғылымдарының
кандидаты, әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университеті
телерадиожурналистика
кафедрасының доценті*

*Келешек - сіздердің қолдарыңызда,
іске сәт, болашақ әріптестер!*

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!